Құрметті Такир Оспанұлы!
Құрметті Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушылары мен студенттері!

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты ұжымының және жеке өз атымнан Сіздерді атаулы мереке – Қазақстанның ең ірі және жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып табылатын білім ошағы құрылуының 90 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Университеттеріңіздің тарихы өте бай, оның құрылуы мен қалыптасуы еліміздегі ағарту және рухани жаңару секілді маңызды мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыру кезеңімен тығыз байланысты. Одан кейінгі кезеңде бұл гуманитарлық миссия университеттің негізгі қызметі болып қалды. 1928 жылы алғаш ашылғанда Университете тек бір факультет болса, бүгінде ол құрамында ондаған институттар мен бөлімдері бар еліміздегі педагогтарды дайындайтын ірі ғылыми-білім беру орталығы болып табылады. Әлемдегі үздік 500 университеттердің құрамына кіреді.

Өте керемет дәстүрлері бар университеттеріңіз өз жетістіктерімен танымал. Университеттің оқытушылары мен түлектерінің жинақтаған тәжірибесі мен білімі, олардың жетістіктері мен зор шығармашылық әлеуеті біздің еліміз үшін практикалық жағынан өте маңызды. Бүгінгі күні университет қарқынды дамып келеді, жаңа мамандықтар мен бағыттар ашылуда. Университеттің табысты жұмысының негізі рентінде – тек заманауи ғылыми база ғана емес, бұл ең алдымен, профессорлық-оқытушылық құрамның жоғары кәсіби біліктілігі саналады.

Сіздердің жетістіктеріңіз бен мақтанышторыңыз – ол тек Қазақстанның игілігі үшін ғана емес, сондай-ақ жақын және алыс шет елдерде қызмет істей жүріп, өз ісінің кәсіби маманы ретінде үлкен жетістіктерге жеткен түлектеріңіз.

Университетке білім, ғылым және қоғамдық салаларда мол табыстар, ары қарайғы даму мен ілгерілеу, ірі жаңалықтар, алға қойған жоспарлар мен идеялардың іске асырылуын тілеймін!

Директор **З. Шаукенова**